



ӨОЖ 378.14

FTAXP 14.00.00

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2026.101(1).3

<sup>1</sup>Қ.Г. Қуаныш, <sup>2</sup>У.А. Жангазиева

<sup>1</sup>М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан

<sup>2</sup>Жоғары аграрлық-техникалық колледжі, Орал, Қазақстан

E-mail: gulaiym.kuanysh@mail.ru, zhangazieva\_66@mail.ru

### БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ ТҮЛҒАЛЫҚ ДАМУЫНА ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ҰҒЫМЫНЫҢ ӘСЕРІ

**Андатпа.** Отандық білім беру жүйесін реформалаудың басым бағыты - бәсекеге қабілетті, өз бетінше шешім қабылдай алатын жоғары білікті мамандарды даярлау болып табылады. Қазіргі динамикалық қоғамда студенттердің тек теориялық базаны меңгеруі жеткіліксіз; олардан әлеуметтік қатынастардың жаңа жүйесіне тез бейімделу және өмірлік табысқа жету жолындағы икемділік талап етіледі. Осыған байланысты, соңғы жылдары жоғары мектепте білім алушылардың біліктілігін бағалауда құзыреттілік ұғымы орталық орынға ие болды. Мақалада заманауи жоғары мектеп жағдайында болашақ мамандардың тұлғалық және кәсіби өсуіне құзыреттілік тәсілдің тигізетін ықпалы қарастырылады. Автор білім беру нәтижелерін бағалаудағы жаңа парадигмаларды саралай отырып, студенттердің кәсіби ұтқырлығын дамытудағы жеке және әлеуметтік дағдылардың маңызын негіздейді. Зерттеу барысында құзыреттілік ұғымы пәнаралық тұрғыдан зерделеніп, оның маман иесінің ішкі әлеуетін іске асырудағы рөлі айқындалған. Жұмыстың негізгі түйіні ретінде құзыреттілік - бұл тек академиялық білім жиынтығы емес, тұлғаның өзгермелі ортада табысты қызмет етуіне мүмкіндік беретін кешенді қабілеті екендігі дәлелденеді.

**Кілт сөздер:** Тұлға, студент, білім беру, жоғары білім, құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік, тұлғалық даму, жоғары оқу орны, кәсіби даму.

#### *Kіpіcne*

Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығын толық меңгерген, қоғам өміріне белсене араласатын, шығармашылықпен ойлайтын, өзін – өзі көрсете алатын, өздігінен ақпаратты іздеп талдайтын және оны дамытуға қабілетті, кәсіби құзыретті, функционалды сауатты жеке тұлғаны қалыптастыруға бағытталған.

Жоғары оқу орнында білікті және білім беру жүйесінде бәсекеге қабілетті маман қалыптастыру үшін, алдымен білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру керек. Болашақ кәсіби құзыретті маман осы ақпараттық қоғамнан қалыспай, жедел ойлаушы, жедел шешім қабылдаушы, ерекше ұйымдастырушылық қабілетті, нақты бағыт – бағдар беруші болып шығуы – бұл қазіргі заманның талабы. Құзыреттілікті қалыптастыру дегеніміздің өзі болашақ кәсіби маманның – қазіргі студенттердің шығармашылық қабілеттерін дамыта отырып ойлаудың, интеллектуалдық белсенділіктің жоғары деңгейіне шығуы, жаңаны түсіне білуге, білімнің жетіспеушілігін сезінуге үйрету арқылы ізденуге бағыттауды қалыптастырудағы күтілетін нәтижелерді болып табылады.

Студенттердің тұлғалық қалыптасуының тиімділігі көптеген факторларға байланысты: қолайлы орта, кәсібилік деңгейі, дамыған құзыреттілік түрлері және т.б.

Маман иесінің бойындағы практикалық қабілет пен теориялық базаның ұштасуын біз «құзырет» деп атаймыз. Бірқатар авторлар бұл терминді кәсіби шеберліктің құрамдас бөлігі деп есептесе, өзге зерттеушілер оны білім беру жүйесіне қойылатын әлеуметтік тапсырыс ретінде бағалайды. Яғни, құзыреттілік – студенттің өмірлік және кәсіби жағдаяттарда өз әлеуетін тиімді пайдалана алуының көрсеткіші. Құзыреттілік - жеке тұлғаның нақты бір салада нәтижелі қызмет атқаруына мүмкіндік беретін өзара байланысты қасиеттер мен ішкі ресурстардың жиынтығы. Бұл ұғым маманның кәсіби міндеттерді орындау барысында өз әлеуетін толық пайдалана алу қабілетімен және теориялық білімін іс жүзінде табысты қолдана білуімен сипатталады [1]. Құзыреттілік феномені пәнаралық сипатқа ие бола отырып, философия, педагогика, психология және әлеуметтану сияқты гуманитарлық ғылымдар аясында жан-жақты зерттелуде. Сонымен қатар, бұл ұғым кәсіби білім беру әдістемесі мен еңбек психологиясының да маңызды зерттеу нысанына



айналды. Ғылыми әдебиеттерде оның бірнеше негізгі түрлері жіктеледі: мәселелерді шешу (өзіндік менеджмент), ақпараттық, коммуникативтік және кәсіби құзіреттіліктер. Соңғысы - маманның өз міндеттерін жауапкершілікпен әрі ізденімпаздықпен атқаруына негіз болатын, оның біліктілігі мен қабілетін ұштастыратын айрықша психологиялық күй ретінде сипатталады.

*Зерттеу материалдары және әдістері*

Зерттеушілер атап көрсеткендей (Л.В.Горюнова, Э.Ф.Зеер, Л.П.Меркулова, Э.Э.Симанюк, В.Д.Шадриков және т.б.), құзіреттілік жеке тұлғаның кәсіби ұтқырлығының даму факторы болып табылады. Осы идеяны іске асыру құзіреттілік көзқарас тұрғысынан құрылған кәсіби білім беру процесінде мүмкін болады. Құзіреттілік сапа көрсеткіші және кәсіби білім берудің нәтижесі ретінде өзгеріп отыратын, кәсіби жағдайларда жылдам бағдарлауға дайын және қабілетті маманның қалыптасуына ықпал етеді, яғни, негіз алғышарт ретінде қызмет етеді [2].

Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың теориялық-әдістемелік негіздері көптеген ғылыми ізденістерге арқау болды. Атап айтқанда, бұл мәселе шетелдік зерттеушілер Н.Гючлю, Ф.Е.Вайнерт, С.П.Браун, Дж.Джонс, ТМД елдерінің өкілдері В.А.Сластенин, Н.В.Кузьмина, И.А.Зимняя, А.К.Маркова, А.П.Тряпицына және отандық ғалымдардың С.Ж.Пралиев, Б.А.Тұрғынбаева, Б.Т.Кенжебеков, Г.Ж.Меңлібекова, К.С.Құдайбергенова, К.М.Беркімбаев еңбектерінде жан-жақты талданған. Аталған авторлардың ғылыми тұжырымдамалары кәсіби даярлық сапасын арттырудың іргелі базасын қалыптастырды.

Ғалым Б.Т. Кенжебеков өз зерттеулерінде «құзіреттілік» терминінің түрліше түсіндіріліп, сан алуан мағыналық реңктерге ие болғанын атап өткен. Дегенмен, бұл ұғымның бастауын көне заманнан, атап айтқанда, антикалық дәуірден іздеуге болады. Мәселен, Платонның білім берудің жоғары сатысын негіздеуі мен Аристотельдің іргелі білімді кәсіби дағдылармен ұштастыру арқылы жоғары білімнің шынайы (реалистік) қағидасын дамытуы - осы тұжырымның айқын айғағы. Сонымен қатар, XVIII-XIX ғасырлардағы кәсіптік мектептердің жоғары оқу орындары мәртебесіне көтерілуі және қазіргі таңдағы көпсатылы білім беру жүйесінің орнығуы - мұның бәрі білікті әрі бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға бағытталған ғылыми-тәжірибелік ізденістердің заңды жалғасы болып табылады [3].

Профессор Ш.Т. Таубаеваның ғылыми пайымдауынша, «құзіреттілік» ұғымы бір-бірімен тығыз байланысты бірнеше құрамдас бөліктен тұрады. *Біріншіден*, ол тұлғаның өз ішкі әлеуетін толыққанды ашуға деген ұмтылысы мен қабілетін білдіреді. *Екіншіден*, маманның кәсіби білімі мен жинақтаған тәжірибесін нақты шығармашылық жұмыста нәтижелі қолдана алу дағдысы ретінде сипатталады. Сонымен қатар, ғалым құзіреттіліктің этикалық жағына баса назар аудара отырып, оны адамның өз іс-әрекетінің қоғамдық маңызын терең түйсінуі, нәтижеге деген дербес жауапкершілігі және кәсіби деңгейін ұдайы көтеріп отыру қажеттілігі деп анықтайды [4].

А.К. Маркова болашақ маманның кәсіби тұғырын айқындайтын құзіреттіліктерді бірнеше жүйелі топқа жіктейді. Ғалымның тұжырымдамасы бойынша, маман иесінің қалыптасуы мынадай бағыттарды қамтиды [5]:

1 – Кесте - Болашақ маманның негізгі құзіреттілік топтары (А.К. Маркова бойынша)

<b>Құзіреттілік тобы</b>	<b>Сипаттамасы мен мазмұны</b>	<b>Кәсіби маңызы</b>
Арнайы-белсенділік	Кәсіби іс-әрекетті жоғары деңгейде меңгеру және өзінің функционалдық міндеттерін еркін атқару.	Маманның іс жүзіндегі біліктілігі мен одан әрі кәсіби өсу траекториясын дербес құру қабілеті.
Әлеуметтік	Ұжымдық жұмысқа бейімділік, әріптестермен ынтымақтастық орнату және кәсіби коммуникацияның жағымды әдістерін пайдалану.	Кәсіби қызмет нәтижесі үшін қоғам алдындағы жауапкершілікті сезіну және топтық үйлесімділік.
Тұлғалық	Өзін-өзі дамыту, кәсіби деформацияға (тоқырауға) қарсы тұру және мамандық шеңберінде жеке даралықты сақтап қалу.	Кәсіби «қарттықтан» қорғану, өз еңбегін ұтымды ұйымдастыру және тұлғалық әлеуетті толық ашу.

Жоғары оқу орнында білім алушылардың құзіреттілігін бірнеше топқа бөліп қарастыруымызға болады:



• Жалпы мәдени құзыреттіліктер: студентке оқу пәндері мен білім беру салаларында көрініс тапқан оқытылатын ғылымдардың құралдарын, технологиялардың әртүрлі түрлерін, кәсіби қызметтің басқа да салаларын еркін меңгеруге мүмкіндік беретін білім, дағды, мәдени тәжірибе элементтерінің жиынтығы; ол әлеуметтік және мәдени ортада бағдарлану, оның элементтерімен жұмыс істеу деп саналатын мәтіндік, көркем және басқа шығармалардың ұғыдарын, заңдарын, принциптерін, әдістерін, теорияларын еркін меңгеруді қамтиды;

• Жалпы кәсіби құзыреттіліктер: студенттерді даярлау бағыттарының жалпы профильдеріне байланысты жүйелі және пәнаралық сипатқа ие, кәсіби арнайы пәндерді игеру қалыптасады;

• Бейіндік немесе мамандандырылған құзыреттіліктер - бұл білім алушының нақты бір кәсіби саладағы күрделі міндеттерді шешу үшін теориялық білімі мен тәжірибелік дағдыларын тиімді қолдана алу қабілеті. Мұндай біліктіліктер арнайы пәндерді тереңдетіп оқу барысында қалыптасады. Олар таңдалған мамандық шеңберіндегі негізгі әдіснамалық тәсілдерді меңгеруді, сондай-ақ заманауи ғылыми тұжырымдамалар мен практикалық икемділіктердің кешенді жиынтығын игеруді көздейді [6].

Студенттердің бойында кәсіби шеберлікті шыңдау білім беру бағдарламаларының мазмұнын жаңартуды, инновациялық оқыту әдістемелерін енгізуді және білім алушылардың дербес ізденіс жұмыстарын ынталандыруды талап етеді. Біз болашақ маманның құзыреттілік деңгейінің артуын келесідей логикалық сатыларға жіктейміз:

• **Ынталандыру фазасы:** Студенттің таңдаған мамандығына деген ішкі қызығушылығы мен мотивациялық негізін қалау.

• **Бейімділік фазасы:** Кәсіби бағдарды нығайту және мотивациялық факторларды дамыту.

• **Танымдық (когнитивті) фаза:** Теориялық білім қорын жинақтау және жүйелеу арқылы интеллектуалдық базаны құру.

• **Талдау және рефлексия фазасы:** Студенттің өзін-өзі дамытуға деген қажеттілігін арттыру және алған білімдерін сыни тұрғыдан бағалау.

• **Практикалық-белсенділік фазасы:** Пәндерді меңгеруде шығармашылық тәсілдерді қолдану және кәсіби міндеттерді орындаудағы белсенді позицияны қалыптастыру» [7].

Жоғары оқу орнында студенттердің кәсіби тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру, студенттердің қажеттіліктерінің, мақсаттарының, құралдарының, әрекеттер мен нәтижелерінің сәйкес өзгеруімен кәсіби танымдық іс-әрекеттің біртіндеп өзгеруін қамтиды.

Тұлғалық даму - бұл жеке адамның ішкі потенциалының үздіксіз жетілуі мен қажеттіліктер иерархиясының жоғарылауына негізделген динамикалық процесс. Тұлғаның қалыптасу деңгейі тікелей оның әлеуметтік ортамен өзара әрекеттесу сипатына байланысты болады. Егер адамның қызығушылықтары тек прагматикалық қажеттіліктер мен күнделікті тұрмыстық мәселелер шеңберінен аса алмаса, бұл дамудың бастапқы (төменгі) сатысын көрсетеді. Керісінше, тұлғалық өсудің жоғары деңгейі адамның рухани кемелдігінен, қоғамдық маңызы бар құндылықтарды басымдыққа қоюынан және шығармашылық ізденісінен айқын байқалады. Тиісінше, жоғары оқу орнында кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру - студенттің тұлға ретінде толыққанды қалыптасуының іргелі шарты болып табылады.

Студенттер үшін жоғары оқу орнында оқу жылдары – олардың өмірлерінің маңызды кезеңдерінің бірі. Бұл – білімді жетілдіру, тұлғалық қалыптасу, кәсіби мамандықты алу, өзінің армандарын, мүмкіндіктерін дамыту кезеңі деп анықталады. Жоғары оқу орнында білім алушылардың құзыреттілігін қалыптастыруда, студенттердің келесідей деңгейлері ажыратылады: жоғары оқу орнына дейінгі, жоғары оқу орнында және жоғары оқу орнынан кейінгі.

Ғалым Б.Г. Ананьев студенттік кезеңді тұлғаның қалыптасуындағы ерекше «өтпелі белес» ретінде қарастырады. Оның пайымдауынша, бұл уақыт аралығы жастық шақтан ересектік өмірге өтудің шешуші сатысы болып табылады. Әлеуметтік-психологиялық тұрғыдан алғанда, дәл осы студенттік жылдары адамның құндылықтар жүйесі түбегейлі жаңарып, қарқынды трансформацияға ұшырайтыны байқалады. Демек, жоғары мектеп қабырғасындағы студенттің тұлғалық және кәсіби дамуы оның таңдаған мамандығының мәнін терең түйсінуімен және келешектегі қызметіне деген саналы көзқарасымен тікелей байланысты [8, 82-89 б]. А.Р. Ерментаева еңбегінде тұлға іс-әрекетпен толыққанды аңғарылмайды. Ол адами, ізгіліктік мазмұнға басқалармен тек қарым-қатынас жасау арқылы ие болатындығын анықтайды. Сонымен қатар студент тұлғасы қарым-қатынас нәтижесі болып табылады деп дәйектейді [9].



Болашақ маманның кәсіби тұлғалық қалыптасуының түпкілікті нәтижесі ретінде біз, кәсіби (педагогикалық қызметке қатысты) және жеке (әлеуметтік) құзыреттердің студенттердің бойыннан табылу дәрежесін айта аламыз.

*Зерттеу нәтижелері*

Зерттеу жұмысының эмпирикалық бөлігінде келесідей диагностикалық құралдар пайдаланылды: бірінші кезекте, тұлғаның ішкі позициясын анықтау мақсатында В.В. Столин мен С.Р. Пантелеевтің «Өзіндік қарым-қатынас» сауалнамасы қолданылды. Сонымен қатар, студенттердің өмірлік басымдықтарын айқындау үшін Шварцтың «Тұлға құндылықтарын зерделеу» әдістемесі негізге алынды. Бұл сауалнама он негізгі бағыт бойынша (билік пен жетістіктен бастап, мейірімділік пен қауіпсіздікке дейінгі) құндылықтар иерархиясын саралауға мүмкіндік береді [10, 116-128 б].

Шварц әдістемесінің негізінде барлық құндылықтар әлеуметтік және жеке болып бөлінетін теория жатыр. Әдістемені Шалом Шварц 1992 жылы әзірлеген. Әдістемені әзірлеу кезінде автор Роквич әдістемесін қолданып, оның тұжырымдамалық базасын кеңейтіп, жетілдірді. Әдістеме мақсаты – студенттердің құндылық бағдарларын анықтау болып табылады. Аталған әдістемені таңдауға және студенттер арасында эмпирикалық талдау жүргізуге негіз болған басты фактор - құндылықтар жүйесінің тұлғалық құрылымдағы ерекше рөлі. Біздің пайымдауымызша, құндылық бағдарлары адамның қоршаған ортамен және өзімен өзара іс-қимылын реттейтін, оның ішкі әлемін қалыптастыратын іргелі әлеуметтік-психологиялық феномен болып табылады. Дәл осы бағдарлар болашақ маманның кәсіби біліктілігіне мазмұн беріп, оның жеке ұстанымдары мен тұлғалық кемелдену траекториясын айқындап отырады. Шварцтың «Тұлға құндылықтарын зерттеу» әдістемесіне М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің педагогика факультетінің «Педагогика және психология» БББ-ның I - IV курс студенттері (барлығы 95 студент) қатысқан болатын. Оның ішінде I курс - 19 студент, II курс – 25 студент, III курс – 27 студент, IV курс – 24 студент. Кейбір зерттеу нәтижелерін кестеде келтірейік.

2 – Кесте - Педагогика және психология БББ-ның I-IV курс студенттерінің нормативтік идеалдары деңгейіндегі құндылықтар түрлерінің маңыздылығының көрсеткіштері

Құндылық түрі	X (Орташа арифметикалық)			Ә (Стандартты ауытқу)			D (Дәрежелер)					
	X (Орташа арифметикалық)	Ә (Стандартты ауытқу)	Дәрежелер	X (Орташа арифметикалық)	Ә (Стандартты ауытқу)	Дәрежелер	X (Орташа арифметикалық)	Ә (Стандартты ауытқу)	Дәрежелер			
	1 курс (n=19)			2 курс (n=25)			3 курс (n=27)			4 курс (n=24)		
1 Сәйкестік	8,18	2,08	12	6,9	2,36	16	7,78	0,58	12	7,18	2,42	14
2 Дәстүрлер	5,88	2,5	20	4,42	2,72	20	5,7	1,15	20	5,6	2,32	20
3 Мейірімділік	10,1	1,58	2	9,5	1,96	2	9,76	0,72	2	9,04	2	6
4 Әмбебаптылық	8,6	1,88	10	7,36	2,06	12	7,48	1,05	14	7,58	2,02	10
5 Тәуелсіздік	9,38	1,68	6	8,74	2,00	6	8,84	,10	6	9,06	1,88	4
6 Ынталандыру	7,4	3,18	16	7,06	2,4	14	6,7	1,34	16	7,3	2,6	12
7 Гедонизм	7,72	3,52	14	7,98	3,14	10	7,76	1,31	20	6,58	2,94	16
8 Жетістіктер	8,66	2,04	8	9,02	2,12	4	9	1,07	4	9,28	2,3	2
9 Билік	6,48	2,92	18	6,08	3,8	18	6,3	1,15	18	6,18	2,72	18
10 Қауіпсіздік	9,4	2,2	4	8,32	1,94	8	8,82	0,87	8	8,46	2,2	8

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, бірінші курс студенттерінің құндылықтар иерархиясында **мейірімділік, қауіпсіздік және дербестік (тәуелсіздік)** басым бағыттар ретінде



айқындалды. Тұлғаның ішкі позициясында жақын ортамен өзара әрекеттесу кезіндегі ізгілікті қарым-қатынас пен әл-ауқатқа ұмтылу ерекше орын алады. Студенттердің шығармашылық ізденістері мен танымдық белсенділігінде ойлау мен әрекет ету еркіндігі, яғни автономия маңызды болса, екінші жағынан - қоғам мен жеке басының қауіпсіздігіне деген қажеттілік жоғары. Бұл басымдықтардың қалыптасуына студенттердің мектепті аяқтап, жоғары оқу орнындағы жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуі, яғни өмірдің маңызды өтпелі кезеңі тікелей ықпал етеді деп пайымдауға болады. Сонымен қатар, білім алушылардың мәдени мұралар мен дәстүрлі құндылықтарға деген құрметі мен оларды сақтауға дайындығы зерттеудің маңызды көрсеткішіне айналды.

«Зерттеу барысында психология мамандығының студенттері арасында курстар бойынша құндылықтар трансформациясының динамикасы анықталды:

*Бірінші курс* студенттерінің идеалистік деңгейінде «мейірімділік» құндылығы басымдыққа ие. Алайда, олардың мінез-құлық үлгісінде «дәстүр» мен «билікке» деген ұмтылыс төмен деңгейде көрініс табады. Бұл кезеңдегі білім алушылар көбіне өз мүдделеріне бағытталған оң позицияны ұстанғанымен, өмірлік жауапкершілікті сыртқы жағдайларға телуге бейім. Дегенмен, тұлғааралық байланыстардағы жауапкершілікті сезіну деңгейі жоғары екені байқалады.

*Екінші курсқа* келгенде студенттердің кәсіби ұстанымында «мейірімділік» құндылығы өз маңызын сақтап қана қоймай, оның қатарына «жетістік» пен «дербестік» факторлары қосылады. Бұл кезеңде жеке табысқа жету, әлеуметтік ортаның қолдауына ие болу және шешім қабылдаудағы тәуелсіздік бірінші орынға шығады. Билік пен үстемдікке деген ұмтылыс әлі де төменгі көрсеткіштерде қалып отыр.

*Үшінші курс* студенттерінің құндылықтар құрылымында «мейірімділік» үстемдігін жалғастырғанымен, «жетістік», «тәуелсіздік» және «қауіпсіздік» бағдарларының маңыздылығы арта түседі. Сонымен қатар, екінші курспен салыстырғанда «дәстүрге» деген құрмет нығая бастағанымен, ол әлі де жалпы иерархияның соңғы сатыларында тұр.

Құндылықтар жүйесіндегі ең елеулі бетбұрыс *төртінші курс* студенттерінде байқалады. Мұнда «жетістік» құндылығы жетекші орынға ие болып, жеке жетістік пен әлеуметтік мойындалуға деген талпыныс күшейеді. «Өзін-өзі басқару», «автономия» және «дербес бақылау» секілді тұлғалық қасиеттер маңыздылығын жоғалтпайды. Бір қызығы, «гедонизм» (ләззат алу) факторы соңғы орындарға ығысқанымен, бұл көрсеткіштің әртүрлі студенттер арасындағы таралу диапазоны кең екені анықталды.

Нақты әлеуметтік мінез - құлықта студенттер үшін басымдықтар сәл өзгеше құндылық белгілері болып табылады ( 3 кестені қараңыз).

3 – Кесте - Педагогика және психология БББ-ның I-IV курс студенттерінің жеке басымдықтары деңгейіндегі құндылықтар түрлерінің маңыздылық көрсеткіштері

Құндылық түрі	1 курс (n=19)			2 курс (n=25)			3 курс (n=27)			4 курс (n=24)		
	X (Орташа арифметикалық)	Ө (Стандартты ауыпқы)	Дәрежелер	X (Орташа арифметикалық)	Ө (Стандартты ауыпқы)	Дәрежелер	X (Орташа арифметикалық)	Ө (Стандартты ауыпқы)	Дәрежелер	X (Орташа арифметикалық)	Ө (Стандартты ауыпқы)	Дәрежелер
1 Сәйкестік	3,6	1,54	16	2,74	1,44	16	3,68	1,48	16	3	1,66	16
2 Дәстүрлер	2,52	1,76	18	1,48	1,44	20	2,36	1,58	20	2,16	1,66	20
3 Мейірімділік	5,66	1,42	2	5,54	1,36	2	5,86	1,5	2	4,94	1,78	4
4 Әмбебаптылық	4,94	1,46	6	4,14	1,28	12	4,54	2,4	6	4,18	1,62	10
5 Тәуелсіздік	5,44	1,34	4	5,12	1,38	4	4,5	1,54	8	5,3	1,68	2
6 Ынталандыру	4,52	2,12	8	4,72	1,92	8	4,32	1,76	10	4,68	1,88	6



7 Гедонизм	4,46	2,22	10	4,44	1,96	10	4,74	1,66	4	3,98	1,96	12
8 Жетістіктер	4,12	1,96	14	4,92	1,66	6	4,3	1,7	12	4,42	1,84	8
9 Билік	2,06	2,34	20	1,86	1,86	18	2,5	2,08	18	2,72	2,12	18
10 Қауіпсіздік	4,32	1,5	12	3,9	1,52	14	4	1,12	14	3,9	1,56	14

Педагогика және психология білім беру бағдарламасында, білім алушы студенттердің құндылықтар жүйесін курстар бойынша саралау барысында келесідей заңдылықтар айқындалды:

*Бірінші курс* студенттері үшін «мейірімділік» пен «тәуелсіздікпен» қатар «әмбебаптылық» (универсализм) құндылығы жоғары маңызға ие. Бұл бағдардың негізінде өзгелерге төзімділік таныту және қоршаған ортаның әл-ауқатына қамқорлық жасау мотивациясы жатыр. Бұл құбылысты студенттердің жаңа әлеуметтік ортаға бейімделуімен және бейтаныс топтармен байланыс орнату қажеттілігімен түсіндіруге болады. Осы кезеңде «билік» пен «жетістікке» ұмтылу көрсеткіштері төменгі шекте қалып отыр.

*Екінші және үшінші курстарда* «мейірімділік» өзектілігін сақтағанымен, біртіндеп «жетістік» пен «қауіпсіздік» басымдықтары алға шыға бастайды. Үшінші курсқа келгенде студенттердің дәстүрлі құндылықтарға деген көзқарасы нығайып, иерархиядағы орны біршама жоғарылайтыны байқалды.

*Оқудың қорытынды кезеңінде (төртінші курс)* студенттердің мінез-құлық модельдері айтарлықтай өзгереді. Мұнда «мейірімділік» құндылығымен қатар «гедонизм», «әмбебаптылық» және «тәуелсіздік» шешуші рөл атқара бастайды. Өмірден ләззат алу мен сезімдік қанағаттану бағдарлары алдыңғы позицияларға шығып, жеке еркіндік пен жаңа әсерлерге деген ұмтылыс күшейеді.

Жалпы динамикалық талдау:

**1. Мейірімділік феномені:** Бұл құндылық оқытудың барлық сатысында тұрақты болғанымен, жоғары курстарға қарай оның абсолюттік маңыздылығы сәл төмендеу үрдісін көрсетеді.

**2. Тәуелсіздік пен Жетістік:** Студенттің тұлғалық жетілуіне қарай (2-курстан 4-курсқа дейін) дербестік пен әлеуметтік мойындалуға деген қажеттілік арта түседі. Жетістікке жету мотивациясы жоғары курстарда айқын басымдыққа ие болады.

**3. Бейімделу факторлары:** «Қауіпсіздік» пен «сәйкестік» бірінші курс студенттері үшін тұрақтандырушы фактор ретінде маңызды болса, жоғары курс студенттері үшін өзін-өзі басқару мен шығармашылық еркіндік бірінші орынға шығады.

Педагогика және психология білім беру бағдарламасында білім алушы студенттердің кәсіби ұстанымы білім алу үдерісінде ішкі тұлғалық қасиеттер мен сыртқы әлеуметтік сұраныстардың әсерінен трансформацияға түседі. Студенттердің басым көпшілігі күнделікті қарым-қатынаста ізгі ниеттілік пен ойлау тәуелсіздігін жоғары бағалайды, ал дәстүрлі қатып қалған қағидаларға сүйену көрсеткіші ең төмен деңгейде қалып отыр

*Қорытынды*

Зерттеу нәтижелерін түйіндей келе, студенттердің құндылықтар жүйесі динамикалық сипатқа ие екенін және мақсатты педагогикалық ықпал ету арқылы трансформациялануы мүмкін екенін атап өткен жөн. Осыған орай, жоғары мектеп педагогтарының алдында болашақ маманның кәсіби бағдарларын жүйелі қалыптастыру бойынша бірізді әрі үйлесімді жұмыс жүргізу міндеті тұр. Қазіргі университет форматы студентті тек ақпаратты игеруші ретінде емес, өз әлеуетін толық жүзеге асыруға қабілетті, өмірлік таңдауларына жауапкершілікпен қарайтын бірегей әрі тұтас тұлға ретінде дамытуды көздеуі тиіс. Жүргізілген ғылыми талдау «құзырет» пен «құзыреттілік» феномендерін жаңа қырларынан ашуға мүмкіндік берді. Біздің пайымдауымызша, құзыреттілік - бұл студенттің психологиялық-педагогикалық және пәндік білімін практикада тиімді ұштастыра алуына мүмкіндік беретін интеграцияланған қасиеті. Бұл тек дайын білімді қайталау емес, маманның кәсіби ортадағы кез келген күрделі мәселені шешуге деген ішкі дайындығы мен шығармашылық белсенділігінің көрсеткіші. Қазіргі еңбек нарығындағы жоғары бәсекелестік жағдайында стандартты емес ойлайтын, креативті шешімдер қабылдай алатын маман тұлғасын қалыптастыру - білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты. Зерттеу барысында дәлелденгендей, болашақ маманның тұлғалық кемелденуі мен оның кәсіби шеберлігінің артуы - бір-бірінен ажырамаз егіз ұғымдар. Сондықтан, жоғары оқу орындарында құзыреттілікке бағытталған оқу үдерісін дәйекті ұйымдастыру - еліміздің зияткерлік капиталын нығайтудың кепілі болмақ. Құзыреттілік - студенттің өзін-өзі дамыту траекториясын айқындайтын және оның еңбек нарығындағы сұранысқа ие болуын қамтамасыз ететін негізгі фактор. Студенттердің бойында



әлеуметтік және кәсіби дағдыларды үйлесімді дамыту арқылы біз ертеңгі күннің сын-қатерлеріне дайын, жауапты маман тұлғасын қалыптастыра аламыз.

### **ӘДЕБИЕТ**

- [1] Ожегов С.И. Орыс тілінің сөздігі / С.И. Ожегов; Ред. басқ. Н.Ю. Шведова. - Мәскеу: Советская энциклопедия, 1973. - 900 б.
- [2] Зеер Э.Ф. Кәсіби білім беру психологиясы: Оқу құралы. - Мәскеу: МПСИ баспасы, 2005. - 216 б.
- [3] Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны студенттерінің кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың теориялық-практикалық негіздері. - Астана: Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2001. - 275 б.
- [4] Таубаева Ш.Т. Жоғары кәсіби білім берудің мемлекеттік стандарттары: құзыреттілік тұрғыдан жобалау технологиялары мен әдіснамасы // Білім әлемінде. - 2006. - №1-3. - 54-б.
- [5] Зимняя И.А. Құзыреттілік тұрғы: Қазіргі білім беру мәселелері жүйесіндегі орны мен маңызы // Бүгінгі жоғары білім. - 2006. - № 8. - 20-26 бб.
- [6] Муллина Э.Р., Ершакова О.В. Студенттерді даярлау сапасын арттырудың шарты ретіндегі құзыреттілік тәсілі // ТМУ ғылым векторы. Серия: Педагогика, психология. - 2015. - №1. - 134-137 бб.
- [7] Чупрова Л.В. Жоғары мектепте мамандарды даярлау жүйесін жетілдіру мәселелеріне орай // Педагогика және қазіргі заман. - 2012. - № 1. - 63-67 бб..
- [8] Ананьев Б.Г. Студенттік жастағы психофизиология мәселелері // Жоғары мектептің заманауи психологиялық мәселелері. - Ленинград, 1974. - 2-шығ. - 82-89 бб.
- [9] Ерментаева А.Р. Студенттерді психологиялық дайындаудың негіздері: Монография. – Өскемен: С. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы, 2007. – 203 б.
- [10] Панюшева Т.Д., Ефремова М.В. Ш. Шварц әдісі бойынша құндылықтарды бағдарлау сауалнамасының орыс тілді нұсқасын талдау // Әлеуметтік психология және қоғам. - 2012. - Т. 3. - № 3. - 116-128 бб.
- [11] Алмешова Ж.К. Болашақ мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудың педагогикалық негіздері // Молодой ученый. - 2014. - № 4.1 (63.1). - 31-33 бб. URL: <https://moluch.ru/archive/63/10009/> (дата обращения: 25.02.2024).
- [12] Аманова А.К. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудағы педагогикалық жағдайлар: Монография. - Семей, 2020. - 140 б.
- [13] Amanova A.K. Future teacher-psychologists' professional position as a component of professional competence formation // International Journal of Environmental & Science Education. - 2016. - Vol. 11, No. 18. - Pp. 12317-12325.
- [14] Төлеубекова Р.К., Турсунгожинова Г.С., Аманова А.К. Профессионально-личностное развитие студентов педагогов-психологов в процессе обучения в вузе // Сборник статей Международной научно-практической конференции.–Уфа, 2015.–С. 127-130.
- [15] Ismuratova S.I., Slambekova T.S. et al. Model of forming future specialists' research competence // Espacios.–2018.–Vol.39, No. 35.–URL: <http://www.revistaespacios.com/a18v39n35/18393501.html> (дата обращения: 02.03.2024).
- [16] Amanova A., Ybragymkyzy S., Romanenko S. Value orientations as a part of professional competence of future specialists in the field of education // Espacios. – 2018. – Vol. 39, No. 25. (дата обращения: 06.03.2024).

### **REFERENCES**

- [1] Ozhegov S.I. Dictionary of the Russian language. – М.:Soviet Encyclopedia, 1973.– 900 p.
- [2] Zeer E.F. Psychology of professional education. – М.:Publishing house of MPSI, 2005.–216 p.
- [3] Kenzhebekov B.T. Theory and practice of assessing the professionalism of University students.– Astana: L.N. Gumilev Eurasian National University, 2001.–275 p.
- [4] Taubaeva Sh.T. State mandatory standards of higher professional education: methodology, theory and technology of design in a competency format//In the world of education.– 2006.– №1-3.
- [5] Zimnaya I.A. Competence approach. What is its place in the system of modern approaches to the problems of education? (theoretical and methodological aspect) // Higher education today.–2006.–№ 8.–Pp. 20-26.



- [6] Ermakova O.V., Mullina E.R. Competence-based approach as a condition for improving the quality of student training // Vector of Science of Tolyatti State University. Series: Pedagogy, Psychology.– 2015.– №1.– Pp. 134–137.
- [7] Chuprova L.V. On the problem of improving the system of training specialists in higher education // Pedagogy and modernity.– 2012.– №1. – Pp. 63-67.
- [8] Ananyev B.G. On the psychophysiology of student age // Modern psychological problems of higher education.– L., 1974.– Issue 2.– Pp. 82-89.
- [9] Yermentayeva A.R. Studentterdi psixhologialyq daiyndaudyn negizderi: Monografiya.– Oskemen: S.Amanzholov atyndagy SHQMU baspasy, 2007.– 203 b.
- [10] Panyusheva T.D., Efremova M.V. Analysis of the Russian–language version of the questionnaire of value orientations (SVS) by Sh. Schwartz by the method of cognitive interview // Social psychology and society.–2012.– Vol. 3, No. 3.– Pp. 116-128.
- [11] Almeshova J.K. Bolashak mugalimderdin kasibi kuzyrettiligin kalyptastyrudyn gylym-pedagogikalik negizderi // Young scientist.– 2014. – № 4.1 (63.1).– Pp. 31-33.– URL: <https://moluch.ru/archive/63/10009/> (Access date: 25.02.2024).
- [12] Amanova A.K. Pedagogical conditions for the formation of professional competencies of future teachers-psychologists: Monograph.–Semey, 2020.–140 p.
- [13] Amanova A.K. Future teacher-psychologists' professional position as a component of professional competence formation//International Journal of Environmental & Science Education.–2016.– Vol. 11, No. 18. – Pp. 12317-12325.
- [14] Toleubekova R.K., Tursungozhinova G.S., Amanova A.K. Professional'no-lichnostnoe razvitie studentov pedagogov-psihologov v processe obucheniya v vuze//Sbornik statej Mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii.– Ufa, 2015.– Pp. 127-130.
- [15] Ismuratova S.I., Slambekova T.S. et al. Model of forming future specialists' research competence//Espacios. – 2018. – Vol. 39 (35).
- [16] Amanova A., Ybragymkyzy S., Romanenko S. Value orientations as a part of professional competence of future specialists in the field of education // Espacios. – 2018. – Vol. 39 (25).

**К.Г. Куаныш, У.А. Жангазиева**

### **ВЛИЯНИЕ ПОНЯТИЯ КОМПЕТЕНТНОСТИ НА ЛИЧНОСТНОЕ РАЗВИТИЕ БУДУЩЕГО СПЕЦИАЛИСТА**

**Аннотация.** Приоритетным направлением реформирования отечественной системы образования является подготовка высококвалифицированных специалистов, обладающих конкурентоспособностью и способностью к самостоятельному принятию решений. В современном динамичном обществе усвоение студентами исключительно теоретической базы становится недостаточным; требуется гибкость и быстрая адаптация к новой системе социальных отношений для достижения жизненного успеха. В этой связи в последние годы концепция компетентности заняла центральное место в оценке квалификации обучающихся в высшей школе. В статье рассматривается влияние компетентностного подхода на личностный и профессиональный рост будущих специалистов в условиях современной высшей школы. Автор, анализируя новые парадигмы оценки результатов образования, обосновывает значимость личностных и социальных навыков в развитии профессиональной мобильности студентов. В ходе исследования понятие «компетентность» изучается с междисциплинарной точки зрения, определяется его роль в реализации внутреннего потенциала специалиста. В качестве основного вывода работы доказывается, что компетентность - это не просто совокупность академических знаний, а комплексная способность личности, обеспечивающая успешное функционирование в изменчивой среде.

**Ключевые слова:** личность, студент, образование, высшее образование, компетентность, профессиональная компетентность, личностное развитие, высшее учебное заведение, профессиональное развитие.

**Gulaiym Kuanysh, Ulganym Zhangazieva**

### **THE IMPACT OF THE CONCEPT OF COMPETENCE ON THE PERSONAL DEVELOPMENT OF A FUTURE SPECIALIST**

**Annotation.** The priority direction of reforming the national education system is the training of highly qualified specialists characterized by competitiveness and the ability to make independent decisions. In today's dynamic society, the acquisition of a purely theoretical base by students is becoming insufficient; flexibility and rapid adaptation to a new system of social relations are required to achieve professional success. In this regard, the concept of competence has taken a central place in the assessment of student



qualifications in higher education in recent years. The article examines the influence of the competence-based approach on the personal and professional growth of future specialists in the conditions of the modern higher school. Analyzing new paradigms for evaluating educational outcomes, the author substantiates the importance of personal and social skills in the development of students' professional mobility. In the course of the study, the concept of 'competence' is examined from an interdisciplinary perspective, and its role in the realization of a specialist's internal potential is determined. As the main conclusion of the work, it is proved that competence is not merely a collection of academic knowledge, but a complex capability of the individual that ensures successful functioning in a volatile environment.

**Keywords:** personality, student, education, higher education, competence, professional competence, personal development, higher education institution, professional development.